

## Өзге мемлекеттік мүлікті мемлекеттік мекемелерге бекітіп беру ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 1 наурыздағы N 185 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 16 қарашадағы № 817 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 16.11.2021 № 817 қаулысымен.**

"Жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 Заңының 5-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Өзге мемлекеттік мүлікті мемлекеттік мекемелерге бекітіп беру ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2005 жылғы 1 наурыздағы  
N 185 қаулысымен  
бекітілген

## Өзге мемлекеттік мүлікті мемлекеттік мекемелерге бекітіп беру ережесі

1. Осы Ереже "Жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2335 Заңына сәйкес әзірленген және өзге мемлекеттік мүлікті мемлекеттік мекемелерге бекітіп беру тәртібін айқындайды.

2. Өзге мемлекеттік мүлікті мемлекеттік мекемелерге бекітіп беру мынадай тәртіппен:

1) республикалық мемлекеттік мекемелерге:

теңгерімдік құны ең төмен есептік көрсеткіштің он мың және одан жоғары мөлшері кезінде - Қазақстан Республикасы Үкіметінің республикалық мемлекеттік меншікке иелік етуге уәкілетті мемлекеттік органмен келісілген мекемеге қатысты мемлекеттік басқару органының ұсынысы жөніндегі шешімі бойынша;

теңгерімдік құны беру күніне ең төмен есептік көрсеткіштің он мыңнан төмен мөлшері кезінде - мемлекеттік басқару органының мекемеге қатысты ұсынысы бойынша республикалық мемлекеттік меншікке иелік етуге уәкілетті мемлекеттік органның шешімі бойынша;

2) коммуналдық мемлекеттік мекемелерге - облыстар (республикалық маңызы бар қалалар, астана), аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) әкімдерінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

3. Өзге мемлекеттік мүлікке жедел басқару құқығы оны әділет органдарында мемлекеттік тіркеген сәттен бастап пайда болады.

4. Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде көзделген жағдайларда мекемелердің мүліктік құқықтары, оларды сатып алу негіздеріне қарамастан мемлекеттік мекемелердің мүлкі, сондай-ақ мемлекеттік мекемелер жасасатын азаматтық-құқықтық мәмілелер белгіленген тәртіппен тіркеуге жатады.

5. Мемлекеттік мекемелердің жылжымайтын мүлікке құқығы, оның ішінде жедел басқару құқығы, бір жылдан асатын мерзімге пайдалану құқығы, кепіл, рента, сенімгерлік басқару құқығы белгіленген тәртіппен тіркелуге жатады.

6. Егер заңнама кесімдерінде өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлікке құқық мемлекеттік мекемеде мемлекеттік меншікті иеленуге уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен, ресімделген қабылдау-беру актісімен мүлікті іс жүзінде беру сәтінен бастап пайда болады.